

АКТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ҚОБДА АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

ҚАУЛЫ

Қобда селосы

2007 жылғы «20» шілде



№ 121

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ
КОБДИНСКОГО РАЙОНА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

село Кобда

«___» _____ 2007 год

**Қобда ауданының Әлия ауылында
“Қобда аудандық білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің
“Балдырған” балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Заңының 31,37 баптарын, Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңының 31 бабының 4 тармағын, 4 тармақшасын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудандық индикативтік жоспарға сәйкес Қобда ауданының Әлия ауылында 25 орындық “Қобда аудандық білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Балдырған” балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2007 жылдың 1 тамызынан бастап құрылсын.

2. Аудандық білім бөліміне (Р.Шабарова) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын заңды тұлға ретінде белгіленген тәртіппен аудандық әділет басқармасында тіркеуден және лицензиялаудан өткізу міндеттелсін.

3. Қобда аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің бөліміне (Ғ.Құбаев) және Ақтөбе облысының өрт сөндіруді мемлекеттік бақылау және қадағалау басшысының Қобда аудандық төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бөліміне (Б.Нукушев) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнынның санитарлық-гигиеналық және өрттен сақтандыру жағдайының талапқа сәйкес болуын қадағалау тапсырылсын.

4. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне (М.Құстұртова) мемлекеттік коммуналдық қазыналық “Балдырған” балабақшасы кәсіпорнынның штаттық кестесіне сай қаражат бөлу сұралсын

Аудан әкімі:



С.Богаарин